

## Аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың және аудиторлық ұйымдардың есептілікті беру тізбесін, нысандары мен мерзімділігін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 275 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4329. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 60 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 60 Бұйрығымен.**

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2009.03.19. N 116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың (бұдан әрі - кәсіби ұйымдар) есептілік тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2, 3-қосымшаларға сәйкес кәсіби ұйымдардың есептілікті беру нысандары бекітілсін;

3) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес аудиторлық ұйымның сыртқы сапа бақылауынан өтуі (оны өткен жағдайда) туралы есеп беру нысаны.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2009.03.19. N 116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

2. Кәсіби ұйымдар есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға осы бұйрықта белгіленген нысандар бойынша есептер берсін.

2-1. Аудиторлық ұйымдар сыртқы сапа бақылауынан өткеннен кейін отыз күн ішінде, уәкілетті мемлекеттік органға осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есеп беруі тиіс.

**Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.03.19. N 116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару әдіснамасы департаменті (Ж.Н. Айтжанова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2006 жылғы 24 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2006 жылғы 26 шілдедегі  
N 275 бұйрығына

1-қосымша

Кәсіби ұйымдардың есептілік тізбесі

р/р N	Есептің атауы	Беру мерзімі
1	Кәсіби ұйымның басшы құрамы туралы жыл сайынғы есеп	Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін
2	Кәсіби ұйымға кірген (одан шығып кеткен) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың саны туралы жыл сайынғы есеп	
3	Кәсіби ұйым жүргізген сапаны сыртқы бақылау туралы жыл сайынғы есеп	
4	Аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізу және сертификаттар беру туралы жыл сайынғы есеп	

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2006 жылғы 26 шілдедегі  
N 275 бұйрығына

2-қосымша

Кәсіби ұйымның басшы құрамы туралы жыл сайынғы есеп

Кәсіби ұйымның басшы құрамы

р/р N	Аты-жөні	Лауазымы	Білімі	"аудитор" біліктілік куәлігінің N	Жұмыс өтілі	Байланыс телефоны

Кәсіби ұйымның басшысы

-----  
М. О.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2006 жылғы 26 шілдедегі  
N 275 бұйрығына

3-қосымша

20\_\_\_ жылы кәсіби ұйымға кірген (одан шығып кеткен)  
аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың саны туралы жыл  
сайынғы есеп

N 1 кесте

N р/р	Аудитордың аты-жөні	Тұрғылықты мекен-жайы, телефоны	Біліктілік куәлігінің нөмірі, берілген күні	Кәсіби ұйымға кірген күні және оның атауы	Кәсіби ұйымнан шыққан күні және оның атауы
-------	---------------------	---------------------------------	---	---	--



2006 жылғы 26 шілдедегі  
N 275 бұйрығына  
6-қосымша  
нысан

\_\_\_\_\_ аудиторлық ұйымының 200 \_\_\_\_ жылғы  
(атауы)

**сыртқы сапалық бақылаудан өтуі (оны өткен жағдайда)  
туралы ақпарат**

N р/с	Аудиторлық ұйымның атауы және орналасқан жері	Кәсіби ұйым қорытындысының нөмірі және берілген күні (көшірмесін қоса беріп)	Кәсіби ұйым қорытындысын шағымдану күні (шағымданған жағдайда)

Басшы \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

М.О.